

## Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 21)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	«Салауаттылық өлшемі (шкаласы)» атты окулығын баспадан шығару.	Формат: 84x108 1/16 (145x200) Мұқаба (қатты) №4 (матовый) Бет саны: 223 бет, (баспа табагы: 14) Ішкі блок: 80 гр. офсет, қағаз: 1+1 Қызмет: Редакциялау, қателерді түзету, бетті белгілеп орналастыру (верстка), мұқаба дизайнны, өзгерістер, таралым жасау, суреті бар беттерді түрлі-түсті қағазға басу, ISBN алу	200
	<b>Барлығы</b>		<b>200</b>

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры****А.Ошибаева****Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы****А.Айымбетова****Ғылым департаментінің жетекші маманы****Т.Джатаев****ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ****Құны және қызмет көрсету шарттары**

Қызмет көрсету құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызмет көрсетуге байланысты барлық ықтимал шығындарды, соның ішінде іссапарлық, көлік, логистикалық және өзге де шығыстарды қамти отырып көрсетіледі.

Егер көрсетілетін қызметтің ерекшелігі қосымша жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуі талап етсе, қызмет көрсету құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер енгізілуі тиіс. Оларға, соның ішінде, орнату, баптау, тапсырыс берушінің персоналын оқыту, әдістемелік материалдар ұсыну және нәтижені тиімді пайдалану үшін қажет болған жағдайда кейінгі консультациялық қолдау кіреді.

**Қызмет сапасына және сәйкестігіне қойылатын талаптар**

Орындаушы қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкестікте, сондай-ақ санитариялық, экологиялық, техникалық және өзге де міндетті нормативтік талаптарды сақтай отырып көрсетуге міндетті.

Қызметтер техникалық тапсырмада белгіленген талаптарға, көлемге, мерзімдерге және сапа көрсеткіштеріне сәйкес көрсетілуі тиіс. Қызмет көрсету нәтижелері белгіленген талаптарға сәйкес келіп, тапсырыс беруші тараپынан практикалық түрғыда пайдалануға дайын болуы қажет.

**Кепілдік міндеттемелері және сүйемелдеу**

Орындаушы қызмет көрсету барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді кепілдік кезеңі ішінде өз есебінен жоюға міндетті. Қажет болған жағдайда орындаушы қызмет көрсету нәтижелерін тапсырыс беруші қабылдаған сәттен бастап кемінде 12 (он екі) ай ішінде консультациялық қолдау мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

## **Төлем шарттары және аванстық төлем**

Авансстық төлем мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100%-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Тапсырыс беруші орындаушыдан авансстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған орындаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

---

## **Қызмет көрсету мерзімі**

Қызметтер келісімшартта белгіленген мерзімде, бірақ келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей көрсетілуі тиіс.

